

"АЭС Шүлбі ГЭС" ЖШС
Жалғыз қатысушысының
шешімімен бекітілген
("Самұрық-Қазына" АҚ
басқармасының "23 " сәуірі,
2024 жылғы № 11 отырыс хаттамасы)

"АЭС Шүлбі ГЭС"
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы

Астана қ., 2024 жыл

1-бап. Жалпы ережелер

1. «АЭС Шүлбі ГЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - заңнама) сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) "Самұрық-Қазына" АҚ болып табылады, БСН 070540008194, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А ғимараты, пошта индексі 010000. Банк деректемелері: ЖСК KZ216010131000078623 "Қазақстан Халық банкі" АҚ, БСК HSBKKZKX, КБЕ 17.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: "АЭС Шүлбі ГЭС" жауапкерлігі шектеулі **серіктестігі**;

2) орыс тілінде: **Товарищество с ограниченной ответственностью «АЭС Шулбинская ГЭС»**;

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: **«Шүлбі ГЭС» ЖШС**;

2) орыс тілінде: **ОО «Ш ГЭС»**;

4. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Шүлбі кенті, Промзона ықшам ауданы, 1 үй.

5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмейді.

2-бап. Серіктестіктің мақсаты мен қызмет түрлері

6. Серіктестік табыс алу мақсатында Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, коммерциялық және делдалдық қызметті жүзеге асыру үшін құрылды.

7. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келуі тиіс және мыналарды қамтиды:

- гидроэлектр станциялардың электр энергиясын өндіруі;

- электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қолдау және электр қуатын реттеу бойынша қызметтер көрсету;

- басқа санаттарға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;

- жалға алу.

8. Серіктестік арнайы рұқсат (лицензия) негізінде тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен ғана айналыса алады.

9. Егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Серіктестіктің лицензия алу қажет қызметін жүзеге асыру құқығы осындай лицензияны алған сәттен бастап немесе онда көрсетілген мерзімде туындайды және оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

10. Серіктестіктің ҚР "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін "Самұрық-Қазына" АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасында көзделген көмек көрсетуі туралы жағдайларын қоспағанда, қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.

3-бап. Серіктестіктің құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

11. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға ретіндегі құқықтарға ие болады.

12. Серіктестіктің кәсіпкерлік субъектісінің санаты заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады.

13. Серіктестіктің мөрі, мөртабандары, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы бар бланкілері болады.

Серіктестіктің өзінің тауарлық (фирмалық) белгісі мен символикасы болуы мүмкін, оның үлгілері Серіктестіктің Байқау кеңесімен келісілгеннен кейін Бас директорымен бекітіледі және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

14. Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

15. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

16. Серіктестік міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді. Мемлекет серіктестіктің қарыздары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздары бойынша жауап бермейді.

Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды коспағанда, Серіктестік өз қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оның жарғылық капиталына өзі енгізген салым құны шегінде қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

18. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигациялар және өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

4-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

19. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде қалыптастырылған 749 925 (жеті жүз қырық тоғыз мың тоғыз жүз жиырма бес) теңгені құрайды.

20. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Жарғының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

21. Серіктестіктің жарғылық капиталы салымына акша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы мен зияткерлік қызмет нәтижелеріне және өзге де мүлікке құқығы болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

22. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталы келесі жолмен жүзеге асырылады:

- қатысушы жүргізетін қосымша салымдар;
- Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;

- Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

Серіктестіктің жарғылық капиталын оны мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден төмендетуге жол берілмейді.

23. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға бастапқы жарнасы, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер есебінен, Серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған қарыз қаражаты және басқа мүлік есебінен, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

24. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Қатысушының тиісті жылдағы Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекіту жөніндегі шешіміне сәйкес жүргізіледі.

5-бап. Серіктестіктің органдары

25. Серіктестіктің органдары:

- 1) Қатысушы - жоғары орган;
- 2) Байқау кеңесі - байқаушы орган;
- 3) Бас директор - жеке-дара атқарушы орган.

26. Серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың Серіктестік атынан шешім қабылдау немесе сөз сөйлеу тәртібі Заңмен, басқа да заңнамалық актілермен және Серіктестіктің Жарғысымен айқындалады.

6-бап. Қатысушы

27. Қатысушы құқылы:

1) Заңнамада және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) Осы Жарғының 10-бабында көзделген тәртіппен серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Заңда көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

5) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын алуға;

6) Серіктестік органдарының осы Заңда және (немесе) Серіктестік жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық өзге де құқықтардың болуы және оларды пайдалануы.

28. Қатысушы міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының талаптарын сақтауға міндетті;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) Атқарушы органға, сондай-ақ Орталық депозитарийге Серіктестікке қатысушылардың тізілімі жүргізілген жағдайда мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға.

29. Қатысушының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

3) Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің даму стратегиясының іске асырылуына, Серіктестіктің даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуы мониторингісін жүзеге асыру;

4) Серіктестіктің даму жоспарында жоспарланатын бірінші күнтізбелік жылға арналған Серіктестік бюджетін бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалу мониторингі процестерін реттеу;

5) Серіктестіктің Байқау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйлықақы төлеу мен шығыстарды өтеу мөлшерін, шарттары мен тәртібін айқындау;

6) Серіктестіктің Байқау кеңесі туралы ережесін бекіту;

7) Бас директорды сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақының мөлшерін, Бас директордың еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау;

8) Бас директор үшін қызметтің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингісін жүзеге асыру;

9) Серіктестіктің Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

10) Серіктестіктің тексеру комиссиясын (ревизорын) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

11) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай беру шарттарын айқындау;

12) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам тобы тарататын корпоративтік стандарттарды, әдістемелік ұсынымдарды және басқа құжаттарды бекіту;

- 14) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- 15) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- 16) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;
- 17) Заңға сәйкес Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 18) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерді, акционерлік қоғамдарды және коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы мәселе бойынша шешім қабылдау;
- 19) Заңға сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;
- 20) Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің жарғысымен бекітілген Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерін, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту;
- 21) Серіктестіктің корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 22) тағайындауды немесе келісуді Қатысушы жүзеге асыратын Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдар тізбесін бекіту;
- 23) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;
- 24) Серіктестік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды, аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 25) құны Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкін жалға беру туралы шешім қабылдау;
- 26) Серіктестіктің мәміле жасасуын немесе нәтижесінде Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау;
- 27) Серіктестік Қатысушысына және сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 28) қызметкерлердің жалпы санын, ұйымдық құрылымын, Серіктестіктің штат кестесін және Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу схемасын (оның ішінде Байқау кеңесінің хатшысы мен Комплаенс офицерді) бекіту;
- 29) шешімдерді қабылдау ҚР заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;
30. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы;
31. Серіктестік Қатысушысы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Байқау кеңесіне немесе Серіктестіктің Бас директорына беруге құқылы;
32. Қатысушы Байқау кеңесінің немесе Серіктестіктің Бас директорының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

7-бап. Байқау кеңесі

33. Байқау кеңесі Серіктестік Бас директорының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін заңнамаға, осы Жарғыға және Серіктестік қатысушысы бекіткен Байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес ұйымдастырады.

34. Байқау кеңесінің мүшелері Серіктестік пен оның Қатысушыларының мүдделері үшін әрекет етуге міндетті. Байқау кеңесі қызметінің негізгі қағидаттары: кәсібилік, парасаттылық пен қырағылық, адалдық пен әділдік.

35. Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;
- 2) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын және Бас бухгалтерінің тағайындау, басқа жұмысқа ауыстыру, жұмыстан шығару және лауазымдық жалақыларын, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау туралы шешімдер қабылдау;
- 3) Серіктестіктің басқарушы қызметкерлері қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингісін жүзеге асыру;

- 4) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;
- 5) Серіктестіктің Бас директорына, Бас директордың орынбасарларына, басқарушы директорларына және Бас бухгалтеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтарды бекіту;
- 6) Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережені бекіту;
- 7) Байқау кеңесі хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Байқау кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, Байқау кеңесі хатшысының қызметін бағалау;
- 8) Серіктестіктің Байқау кеңесінің хатшысы туралы ережені бекіту;
- 9) Байқау кеңесі Хатшысының қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін (мақсаттар картасын) бекіту, сондай-ақ оларға кол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;
- 10) Серіктестіктің Комплаенс офицерін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Комплаенс офицерінің лауазымдық жалақысы мен еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, Серіктестіктің Комплаенс офицерінің қызметін бағалау;
- 11) Серіктестіктің Комплаенс офицері туралы ережесі мен Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығын бекіту;
- 12) Комплаенс тәуекелін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту, оның мониторингін жүзеге асыру және олардың орындалуы туралы есептерді қарау, серіктестіктің комплаенс тәуекелдерінің мәртебесі туралы мерзімді (тоқсандық, жылдық) есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 13) Серіктестіктің комплаенс мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды және өзге де құжаттарды бекіту;
- 14) омбудсменнің өкілеттігін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ омбудсмен туралы ережені және омбудсменнің жұмыс жоспарын бекіту, Серіктестік омбудсменінің есебін жыл сайын қарау;
- 15) мінез-құлық кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 16) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;
- 17) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту;
- 18) Серіктестіктің жалпы тәуекел-тәбетін, түйінді тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, серіктестіктің әрбір түйінді тәуекеліне қатысты толеранттылық деңгейлерін бекіту және деңгейді шектеу үшін лимиттер белгілеу, тәуекелдердің қолайлы деңгейлерін белгілеу, түйінді тәуекел көрсеткіштерін, серіктестіктің тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекіту;
- 19) Серіктестікте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 20) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін сипаттай және талдай отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі Серіктестіктің есебін, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтерді қарау;
- 21) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігінің көрсеткіштерін (бағалауын) бекіту;
- 22) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есептерді қарау;
- 23) Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары және Серіктестік қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- 24) Серіктестіктің корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту, оның мониторингі және Серіктестіктің корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді қарау;
- 25) Серіктестіктің Байқау кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;
- 26) Серіктестікті корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде Серіктестіктің тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту;
- 27) Байқау кеңесі мен Байқау кеңесі хатшысы қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту, Байқау кеңесі мен Байқау кеңесі хатшысы қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу және оның нәтижелерін қарау;

28) Байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, оның мониторингі және Байқау кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау;

29) Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

30) корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

31) Серіктестіктің экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту;

32) Серіктестікте еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану жағдайы туралы есептерді қарау;

33) орнықты даму саласындағы құжаттарды, орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын (іс-шаралар жоспарын) бекіту және оның орындалуы туралы есепті қарау;

34) Серіктестіктің ақпараттық саясатын бекіту;

35) Стейкхолдерлермен (мүдделі тараптармен) коммуникациялар жоспарын, Серіктестіктің стейкхолдерлер (мүдделі тараптар) картасын бекіту;

36) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Серіктестік немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

37) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор мен Қатысушы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

38) Серіктестіктің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша лимиттерді белгілеу;

39) Серіктестіктің басшы қызметкерлеріне тұрғын үйді жалдау ақысын төлеу жөніндегі шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдау;

40) құны Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

41) Серіктестіктің тауар (фирмалық) белгісі мен рәміздерінің үлгілерін келісу;

42) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеуге қатысу;

43) мәселелерді Қатысушының қарауына шығару;

44) заңнамада және жарғыда көзделген, Серіктестік Қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

36. Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді Серіктестіктің Бас директорына беруге болмайды.

37. Байқау кеңесінің Жарғыға сәйкес Серіктестікке қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Серіктестікке қатысушының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

38. Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін қатысушы 3 (үш) жылға дейін белгілейді, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Байқау кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (екі үш жылдық мерзім), егер Қатысушы өзгеше белгілемесе, Байқау кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға жатады.

Серіктестіктің Бас директоры бір мезгілде Байқау кеңесінің мүшесі бола алмайды.

39. Бақылау кеңесі үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Байқау кеңесінің құрамына кез келген адамды сайлауда, мұндай адам Байқау кеңесінің мүшесі лауазымын қатарынан 6 (алты) жылдан астам атқаратын болады, бірақ бұл ретте Байқау кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттік мерзімі 1 (бір) жылға тең болуға тиіс және Байқау кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Байқау кеңесінің немесе оның жекелеген мүшесінің өкілеттік мерзімі қатысушы жаңа байқау кеңесін сайлау немесе серіктестіктің Байқау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

40. Қатысушы Байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

41. Байқау кеңесін Төраға басқарады. Байқау кеңесінің Төрағасын Серіктестікке қатысушы оның мүшелері арасынан сайлайды.

42. Байқау кеңесінің төрағасы заңнамада және жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады;
- 2) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді;
- 3) Байқау кеңесінің отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Серіктестік атынан Қатысушының шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін белгілей отырып, Бас директормен еңбек шартын жасасады.

43. Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Байқау кеңесінің шешімі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

44. Бақылау кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Байқау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

45. Байқау кеңесінің отырыстары оның Төрағасының бастамасы бойынша, Байқау кеңесінің кез келген мүшесінің, Бас директордың, сондай-ақ Серіктестік Қатысушысының талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

46. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Байқау кеңесінің төрағасына Байқау кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Байқау кеңесінің отырысын Байқау кеңесінің төрағасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Отырысты өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты мен орны, сондай-ақ оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Байқау кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

47. Байқау кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет шақырылуға тиіс.

48. Байқау кеңесінің мүшесі Серіктестіктің Байқау кеңесінің Төрағасын оның Байқау кеңесінің отырысына қатысу мүмкіндігі жоқ туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы алдын ала хабардар етуге міндетті.

49. Байқау кеңесі, егер оның отырысына Серіктестіктің Байқау кеңесінің сайланған мүшелері санының жартысынан көбі қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Егер Байқау кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Байқау кеңесі Серіктестік Қатысушысынан Байқау кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге міндетті.

50. Байқау кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен адам, оның отырысына қатысқан байқау кеңесінің мүшелері және Байқау кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасауы және қол қоюы тиіс және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Серіктестіктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібін;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтиды.

51. Дауыс беруден қалыс қалған не күн тәртібі мәселесі бойынша қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздемені Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің хаттамасына, шешіміне қоса тіркейді.

52. Байқау кеңесі төрағасының қалауы бойынша Байқау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Байқау кеңесінің сырттай отырысының шешімі хаттама түрінде, Байқау кеңесінің мүшелері қол қойған бюллетеньдер негізінде ресімделеді, олар хаттамаға қоса беріледі. Хаттамаға Байқау кеңесінің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

53. Байқау кеңесі отырыстарының хаттамалары Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

54. Байқау кеңесінің Хатшысы Байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Байқау кеңесі отырысының хаттамасын және шешімдерін ұсынуға, танысу үшін және (немесе) оған Байқау кеңесі Хатшысының қолымен және Серіктестік мөрінің бедерімен не Байқау кеңесінің мөртаңбасымен расталған хаттамадан үзінді көшірмелер мен шешімдерді беруге міндетті.

8-бап. Бас директор

55. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Серіктестіктің қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Бас директор Серіктестік пен оның Қатысушысының мүддесі үшін әрекет етуге міндетті. Бас директор қызметінің негізгі қағидаттары: кәсіпқойлық, парасаттылық пен қырағылық, адалдық пен әділдік болып табылады.

56. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне Серіктестіктің заңнамасында, Жарғысында, ішкі құжаттарында айқындалған Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, оның ішінде:

1) заңдарда және Серіктестік жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестік атынан мәмілелер жасау;

2) Байқау кеңесі және Серіктестік Қатысушысы бекітетін құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

3) бекітілген бизнес-жоспар, бюджет, даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудың жылдық жоспарын бекіту;

4) Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауы;

5) өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде Байқау кеңесінің мүшелеріне серіктестіктің қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты жазбаша сұрау салуды алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету;

6) Қатысушының және Серіктестіктің Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

57. Бас директор келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Серіктестікті басқарады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхат, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхат береді;

3) Серіктестік атынан мәмілелер жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің негізінде серіктестік атынан Бас директордың орынбасарларымен, Бас бухгалтермен еңбек шарттарын жасасады, сондай-ақ оларды ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады;

5) Серіктестік қызметкерлерінің бекітілген жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штат кестесі және еңбекақы төлеу схемасы шегінде серіктестік қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, штат кестесіне сәйкес серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді Серіктестік қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

6) Бас директордың орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

7) Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

8) Серіктестіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) Серіктестік Қатысушысының, байқау кеңесі алдындағы жұмысына жауапты болады;

- 10) Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 11) бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- 12) байқау кеңесімен келісілгеннен кейін Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Серіктестік қызметкерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;
- 14) Қатысушының және Серіктестіктің Байқау кеңесінің шешімдерін іске асырады;
- 15) Серіктестіктің еншілес ұйымдары мен филиалдардың, өкілдіктердің жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;
- 16) Серіктестік қызметінің ішкі өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;
- 17) талқылауға бастамашылық жасайды және Серіктестік атынан сот немесе төрелік талқылауларға қатысады;

18) Қатысушының, Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын және заңнамаға және серіктестік жарғысына қайшы келмейтін міндеттерді орындау үшін қажетті Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

58. Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын еңбек шартында айқындалады. Бас директормен Серіктестік атынан еңбек шартына Байқау кеңесінің төрағасы немесе оған Серіктестік қатысушысы уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

59. Бас директорды Қатысушы үш жылдан аспайтын белгіленген мерзімге сайлайды.

60. Серіктестіктің бас директорына тыйым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайданы алуға бағытталған мәмілелер жасасуға (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т. б. шарттарды қоса алғанда);

2) Серіктестік үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйлықақы алуға;

3) Серіктестікпен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесі үшін сөйлеуге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға.

Осы тармақтың 1), 4) тармақшаларында көзделген шектеулер сондай-ақ жұбайына, барлық тікелей төмен түсетін және өсіп келе жатқан туыстарына, сондай-ақ Бас директордың туған бауырлары мен әпкелеріне қолданылады.

Серіктестікке қатысушы Бас директордың Серіктестікке жоғарыда көрсетілген оның немесе оның туыстарының осы баптың 60-тармағында көзделген тыйымдарды бұзуы салдарынан келтірілген залалды сотта өтеуін талап етуге құқылы.

9-бап. Серіктестіктегі сыртқы аудит

61. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестік Серіктестікпен, Байқау кеңесінің мүшелерімен немесе Бас директормен мүліктік мүдделермен байланыста емес аудиторлық ұйымды тартуға міндетті.

Серіктестік Қатысушысы өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

62. Егер Серіктестіктің Бас директоры мұндай тексеру міндетті болған кезде не оны жүргізуді Серіктестік Қатысушысы талап еткен кезде Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізуден жалтарса, мұндай тексеру кез келген мүдделі тұлғаның не Серіктестікке қатысушының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

63. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтағаны үшін заңнамаға сәйкес жауапты болады.

10-бап. Серіктестіктің ақпаратты ашуы. Серіктестік Құжаттары

64. Серіктестік оның жазбаша сұрау салуы бойынша Серіктестік қатысушысының мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпаратты қатысушының назарына жеткізеді, сондай-ақ Қатысушыны Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен таныстыруға мүмкіндік береді.

Мұндай ақпаратты Серіктестіктің Бас директоры жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде береді.

65 Серіктестіктің Бас директоры Серіктестік Қатысушысын сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

66. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Серіктестік Қатысушысына Серіктестік корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын немесе шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

67. Серіктестіктің оның қызметіне қатысты құжаттары Серіктестіктің Бас директоры тұлғасында атқарушы органның орналасқан жері бойынша оның бүкіл қызмет мерзімі ішінде Серіктестіктің сақтауына жатады.

Келесі құжаттар сақтауға жатады:

- 1) жарғы, жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Серіктестік органдарының хаттамалары, шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 3) Серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 4) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауына арналған лицензиялар;
- 5) Серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
- 6) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 7) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.
- 8). Өзге де құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

68. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары «"Казахстанская правда" республикалық газеті» АҚ, ««Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ және (немесе) серіктестіктің корпоративтік сайты болып табылады.

11-бап. Серіктестікті Қайта Ұйымдастыру

69. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Серіктестікке қатысушылардың үлесін иеліктен шығару немесе құрамын өзгедей өзгерту Серіктестікті қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

70. Заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда Серіктестікті бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше Серіктестікті бөлу нысанында қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

71. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда Серіктестікті бірігу немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

72. Қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің мүлкі, егер заң актілерінде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, оны тіркеу сәтінде оның құқықтық мирасқорына өтеді.

12-бап. Серіктестікті Тарату

73. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

74. Сот шешімі бойынша Серіктестік келесі жағдайларда таратылуы мүмкін:

- 1) банкроттық;
- 2) Серіктестікті құру кезінде жойылмайтын сипаттағы заңнаманы бұзушылықтарға жол берілуіне байланысты оны тіркеуді жарамсыз деп тану;
- 3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті не заңнаманы бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асыру;
- 4) заңнамалық актілерде көзделген басқа жағдайларда.

75. Егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар осы баптың 74-тармағында көрсетілген негіздер бойынша серіктестікті тарату туралы талапты сотқа беруі мүмкін.

76. Серіктестікті таратуды Серіктестікке Қатысушы немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді.

Сот шешімімен таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер Серіктестіктің өзіне; Серіктестік уәкілеттік берген органға; Серіктестікті таратуға оның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген органға не сот тағайындаған өзге де органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.

13-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

77. Серіктестіктің қызметін тоқтату үшін осы жарғының 11 және 12-баптарында көрсетілген негіздерден басқа жағдайлар негіз бола алады:

1) Егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден аз болса;

2) Егер Қатысушы Серіктестік тіркелген кезден бастап бір жыл ішінде оның жарғылық капиталын құрмаса.

78. Жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден аз болған жағдайларда, сондай-ақ егер қатысушы заңнамада белгіленген мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса, онда қатысушы бір жыл ішінде тиісінше жарғылық капиталға қосымша салымдар салуға тиіс. Өзге жағдайда серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімі бойынша таратылуға жатады.


14-бап. Қорытынды ережелер

79. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген, мағынасы жағынан жақын Ережемен ауыстырылады.

80. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

81. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

Бас директор



Т.Айдабулов